



ТҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№14
(2185)
Сенбі
17 ақпан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ



Әйтеке би кентінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай мәдени шара ұйымдастырылды.

Шараға қатысушы қонақтар «Жеңіс» паркіндегі «Тағзым» алаңындағы Ауған соғысы құрбандарына арналған белгіге гүл шоқтарын қойып, құран бағыштап, құрбан

болған майдангерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Салтанатты шарада аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш ерлік пен елдік сынға түскен сәтте Отан алдындағы әскери антына адалдық танытқан жауынгерлердің орны ерекше, олардың ерлікке толы өмір жолдары жас ұрпаққа үлгі екенін айтты.



Шара барысында бірқатар ардагерлер мен білім беру ұйымдарының алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары «Кеңес әскерлерінің шектелген контингентінің Ауғанстан Республикасынан шығарылғанына 35 жыл» естелік төсбелгісімен және «Үздік әскери оқытушы», «Абыройлы әскери жетекші», «Жауынгерлік бауырластық»

медалдарымен марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін «Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектер одағы «Ардагер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айдар Әлиев сөз сөйлеп, көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдірді.

Мәдени шара соңы Әйтеке би кенттік мәдениет Үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Адамзат алдында тұрған мақсат-міндеттердің ең бастысы – саналы, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Осыған орай аудандағы білім беру ұйымдарында ата-аналар мен және жоғары сынып оқушылармен кездесулер өтуде. Әрбір кездесуде қоғамдық тәртіпті сақтау, бала тәрбиесіне аса мән беру, жастар арасында түрлі құқық бұзушылықты болдырмау, білім сапасын жақсарту мәселелері жіті талқылануда.

Осындай кездесу Әйтеке би кентіндегі Ж.Жабаев атындағы №234 мектепте жалғасты. Кездесуге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов және бірқатар аудандық мәслихаттың депутаттары, ата-аналар, ұстаздар мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

Кездесуде бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және басқада өзекті мәселелер сөз болып, ата-аналар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылды.

Айта кетейік, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар аудандағы барлық білім ошақтарында жалғасын табатын болады.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ОБЛЫС БІРІНШІЛІГІ ӨТТІ



Қазалыда ұлттық спорт түрі – асық ату мен бес асықтан жекелей командалық облыс біріншілігінің ашылу салтанаты өтті.

Біріншілікке 2008-2010 және 2011-2013 жылы туылған \ облысымыздың әр аймағынан 100-ге жуық жас спортшылар қатысты. Спорттық шараның

ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар еліміздің одан әрі дамуына ойы ұшқыр, көкірегі ояу жастарды тәрбиелеп, жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарымызды

насихаттау мақсатындағы мұндай шаралардың жалғасын таба беретіндігін жеткізді.

Мұнан соң ардагер спортшы, облыстық Ұлттық асық ату федерациясының мүшесі Райхан Наукеев сөз алып, ұлттық спорт түрлерінен өткізіліп жатқан біріншілікті

ұйымдастырушы барша азаматтарға алғысын айтты.

Айта кетейік, облыстық кезеңнен жеңімпаз атанғандар республикалық кезеңге жолдама алады.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз
қызметі**

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Халқымыз ежелден отбасы мәселесіне ерекше назар аударған. «Отан – отбасынан басталады» деген сөзінде терең мән жатыр. Бұл қағидат бүгінгі күні де өзгерген жоқ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Отбасы - кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі» деп атап өтті. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады.

Екіншіке орай, бүгінгі қоғамда отбасы құндылықтары жоғалып барады. Мұның басты себебі - қоғамның дертіне айналып отырған отбасындағы әйелдер мен балаларға жасалатын зорлық - зомбылық әрекеттері.

Отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылық қатынастар аясындағы қылмыстар, бұл бір адамның басқаларға қатысты дене зардабын және психологиялық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті болып табылады.

Отбасылық және тұрмыстық зорлық – зомбылықтарға ерлі-зайыптылар, жеке тұрғын үй-жай шегінде бірге тұратын адамдар, ортақ баласы бар адамдар арасында орын алатын құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жатады.

Көбіне әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болады. Бұндай қылмыстардың басты себептеріне: маскүнемдік, жұмыссыздық, тұрмыстық жағдайдың ауырлығы сияқты әлеуметтік жағдайлар жатады.

Қоғамда атқарылған шараларға қарамастан, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары жиі орын алады. Тұрмыстық зорлық-зомбылығы үшін кінәлі тұлғалар әрекеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 73-бабы бойынша (отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер) он тәулікке дейін әкімшілік қамау жазасы көзделген. Отбасына көрсеткен озбырлығы ауырлау болған жағдайда «Қазақстан Республикасының Қылмыстық» Кодексінің 110-бабы (қинау), яғни ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері арқылы тән зардабына немесе психикалық зардап шегуге ұшырату бойынша төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 131-бабы (қорлау), яғни басқа адамның абыройы

мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту бойынша екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланып, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 73-бабына сәйкес отбасылық және тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер қатарына былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде, немесе өзге тұрғынжайда жасалатын басқа да әрекеттер жатады.

Осы орайда, аудан прокуратурасымен полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі топ құрылды. Аталған топ инспекторлары отбасындағы әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар атқарып келеді. Инспекторлар орын алған құқық бұзушылықты анықтап, зорлық-зомбылықтың әр түріне тап болып зардап шеккен және өмірдің қиын жағдайында қалған тұлғаларға қабылдау жүргізіп, оларға консультативтік-құқықтық көмек көрсетеді.

Өркениет өрісіне тұсау болып, отбасылық құндылықтардың тікелей жойылуына әкелетін отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба беретін болады.

Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерді келешек ұрпақтарымыздың өмірі мен болашағына бей-жай қарамай, отбасындағы әйелдер мен балаларға жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу бағытындағы жұмыстарды бірлесе атқаруға шақырамыз.

Егер де сіз осындай мән-жайларға тап болсаңыз, немесе куәгер болсаңыз, аудан прокуратурасының қызметкерлерінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау жүргізу көмегіне немесе сенім телефоны 102, 8724 38 21-3-64, байланыс нөміріне қоңырау шалу арқылы өзіңіздің немесе жақындарыңыздың өмірін сақтап қаласыз.

«Сақтансақ, сақтаймын» деген. Өзіміздің және өзгенің өмірі үшін жауапты екенімізді ұмытпайық.

Қазалы ауданының прокуратурасы

АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТЕР КӨБЕЙДІ

Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер санаттарын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті 29.12.2022 жылы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң қабылдады.

Осы Заңның 2-тармағына сәйкес Қылмыстық кодекстің 308-бабының екінші бөлігі келесідей редакцияда жазылған: қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттылығына Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген аса ауыр

қылмыстар туралы, 116 (екінші және үшінші бөліктерінде), 146 (екінші және үшінші бөліктерінде), 249 (екінші бөлігінде), 317 (төртінші бөлігінде), 335 (төртінші бөлігінде), 337 (төртінші және алтыншы бөліктерінде), 345 (төртінші бөлігінде), 345-1 (төртінші бөлігінде), 346 (бесінші және алтыншы бөліктерінде) баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер жатады.

Демек, аса ауыр санаттағы қылмыстық істерден бөлек, жоғарыда белгіленген баптар бойынша қылмыстар туралы істер Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен қаралады.

Аталған өзгерістер 01.01.2024 жылдан бастап қолданысқа енгізілді.

Н.БЕЙБІТӘЛІ,
Қазалы ауданы
прокуратурасының
прокуроры

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

Отан отбасынан басталады. Бұл сөздерде терең мағына бар. Еліміздің ауызбіршілікте болуы, тыныштықта өмір сүруі үшін отбасы ауызбіршілікте болуы керек. Біздің қазақ ертеден әкені сыйлап құрметтеген. Әкені үйдің тірегі, қорғаны деп білген. Сондықтан отбасының бастауы-әке. Әке әрқашан түзде жүріп отбасын асыраған. Ал, ана үйдегі балаларға тәрбие беріп, ұлын ұлтжандылыққа, қызының инабатты, ибалы болып өсуіне аса назар аударған.

«Әке –асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала- жағасындағы құрақ» дейді қазақ. Баланың да тұлға болып қалыптасуы ата-анаға байланысты. Үйдегі тәрбиенің үлкен әсері бар. Отбасы адамдық құндылықтар мен адамгершіліктің үлкен айнасы. Отбасындағы ең өзекті мәселенің бірі-тәрбие. Қазіргі қоғамда көптеген ата-аналар

отбасының қадір-қасиетіне жете алмай жүр. Отбасы болған соң оның қызығы мен қатар қиыншылығы бірге жүрері анық. Сондай кезде ашуға ерік беріп, ештеңенің байыбына бармай екі жаққа кетіп жатқан жанұя қаншама. Осындай жайттар баланың ой-өрісіне кері әсерін тигізері сөзсіз. Отбасы берекелі тату болу үшін ең алдымен әр отбасы мүшесінің жүрегінен сыйластық, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер орын алуы керек.

Айта кетейік, қазіргі таңда елімізде үлгілі отбасылар үшін әртүрлі бағдарламалар ұйымдастырылып келеді. Соның бірі «Мерейлі отбасы» байқауы. Бұл байқау рухани құндылықтарды жаңғыртуға, балаларды тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру мақсатында жыл сайын өз деңгейінде өтіп келеді.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ЖИНАЛЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

«Майдакөл» ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық мүшелерін 2024 жылдың 19 наурыз күні сағат 10-00-де Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйінде өткізілетін жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға шақырамыз.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Қазалы ауданы, «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылындағы М.Күзембаев көшесінің бір қатарын қуғын-сүргін құрбаны, қолөнерші "Әжімбет

Қарайғыров" деп қайта атау беруге;

2.Қазалы ауданы, «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылындағы 3.Қалиева көшесінің бір қатарын Қазалы ауданына белгілі ұстаз, мектеп басшысы болған "Молдабай Қожабаев" деп қайта атау беруге байланысты таңдау жұмыстарын жүргізу туралы.

"Майдакөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ҚҰРДАСЫМНЫҢ ӘНГІМЕСІ

1965-1967 жылдары бұрынғы «Қазалы қой» совхозының орталығында интернатта жатып №100 мектепте оқыдым. Менімен бірге Қабылбек есімді Ермақаш деген қойшының баласы оқыды.

Түнде жатар кезде аулымызды, ата-аналарымызды, бауырларымызды сағынамыз. Ауылдағы жеген соғым етті, тапаға пісірілген нан мен құрт, ірімшік, күбіден алынған сары майды айтып тамсанамыз.

Шопанның балалары әкелерімен ағаларының қақпанмен, жүйрік атпен қасқыр, түлкі алғандарын айтқанда бар ынтамызбен тыңдаймыз, қатты қызығамыз. Қабылбек досымның айтқан әңгімесі әлі күнге есімде.

-1963 жылдың шілде айының орта шені болатын. Каникулда әкеме көмектесіп жүргенмін. Бір күні совхоз орталығына он бес шақырымдай жердегі «Далда бұлақ» деген жерге көшіп келдік.

Майлыбас бекеті жақын жерде, Әкем аяқ астынан «балам киін, Майлыбасқа барып, одан поездға мініп қалаға барамыз», - деді. Анам мен менен 4-5 жас үлкен ағама «малға біз келгенше ие болыңдар», - деді. Бір қойды сойды да бас, сирағын, өкпе бауырын үйге қалдырды да етке тұз сеуіп кенеп қапқа салды да «ал кетеміз», - деп түйесіне мінді, мені артына мінгізді. Қапқа салған қой етін алуды ұмытпады.

Анаммен ағама «қаладағы райком інімнің үйіне барамын. Мына баланы таныстырамын. Бала райком көкесімен және балдарымен таныссын. Алдағы оқуды бұл бала сол қаладағы райкомның үйінде жатып оқитын болады», - деді.

Анам: «Әй, шал ол райком соншама сенің нең еді» - деп таңырқады. Әкем: «білмей жүр екенмін, ол менің туысқаным, руы Шөмекей екен. Енді барып дұрыстап танысамын. Мына қойдың етін апарып беремін. Балдарыңа сорпа қылыңдар деймін. Сен қатынды да кейін апарып таныстырамын. Ол сенің нағыз қайның болады. Байшуақов деген райком десен бүкіл аудан, облыс білетін көрінеді», - деді.

Қойға мініп әбден ығыры шыққан бақырауық түйені желдіртіп Майлыбасқа келдік. Менен үлкен ағам атпен ере келіп

түйені жетектеп кетті.

Теміржолшы киімін киген кісіден қалаға баратын поезд барма деп әкем сұрап еді. Мына тұрған товарный поезд қазір жүргелі тұр. Осыған мінсеңдер болады. Барлық поезддар Қазалыға тоқтайды. Ал жолаушылар поезі әзірге жоқ.

Әкем екеуіміз бір жүгі жоқ қызыл вагонға міндік. Тал түсте Қазалы станциясынан бір ақ шықты. Көшеде қазақтарда, орыстарда көп екен. Маған бәрі таңсық. Бәріне жалтақ-жалтақ қараумен келемін. Әкем біреулерден Байшуақов деген райкомның үйі қай жерде деп сұрады. Ол кісілер сілтеп жіберді.

Әкемнің аяғындағы керзі етігі шаң-шаң. Шалбары да костюмі де көнетоз. Басындағы қалпағы оңды емес. Мойнына тер сүртетін ормалын орап алған. Көтеріп келе жатқан кенеп қаптың сыртына еттің қаны шығып тұр. Менің үстімдегі киімім де мез емес. Қаладағылардың киім киістері де жүріс тұрыстары да өзгеше. Біреулерден әкем Байшуақовтың үйін тағы сұрап еді. Ол адам: «Мынау райкомның конторы, арғы жағында үйі», - деп сілтеді.

Бұлардың райкомда несі бар дегендей жол сілтеуші әкемнің жұпыны түріне қарап тұрды да жөніне кете барды.

Есігінің алдына тал, гүлдің небір түрі егілген тап-таза аулаға кірдік. Мен жүруге жүрексініп аяғымды жай басып келемін. Әкем: «Әй, бала жүрсейші, неге табандап келесің», - деп жекіріп қояды.

Ақыры әкем бастап мен ізінен «көкеміздің» біз үшін таңсық хан сарайындай үйінің табалдырығынан ішке ендік.

Әкем: «Кім бар бұл үйде, адам жоқ па», - деп дауыстап үлгірді.

Өзіне жарасымды жеңіл киінген әйел «жай ма ата», - деп бізге таңырқап тұрып қалды.

Мен әкемнің әрбір қимылынан қысылып терлеп-тепшіп тұрмын. Әкем кенеп қаптағы етті дүрс еткізіп еденнің үстіне тастады да «мынау семіз қойдың еті, балдарыңа сорпа етерсіңдер», - деп көп нәрсені бітіргендей керзі етігімен алға аттады.

Әйел: «Ата етігіңізді шешкеніңіз дұрыс», - деді. Әкем еденге отыра қалды да етігін шешіп, қапталына

тастады да шұлғауын оның үстіне лақтыра салды.

-Әй, бала сен де аяғыңды шеш деп әкем маған да әмір етті. Мен де көнетоз туфлиімді шештім.

Әкем әйелдің бетіне тесіле қарап: «Сен райком інімнің әйелісің бе», - деді. Ол: «иә» деді. - Ә, онда келінім болдың. Мен сол райкомның өте жақын ағасымын. Шөмекеймін. Мен одан сайын ұялып барамын. Қапталдағы бөлмеден екі ер бала шығып бізге бұлар кім дегендей тосырқап қарады. Екеуі бір-бірімен орыс тілінде сөйлесті. Маған орыс тілін түсіну қайда. Екі бала қой бағып құмның ортасында күнге күйген мендей емес. Бет әлпеттері аппақ, топ-толық. Жаздық киімдері де өзгеше екен. Оларды көріп әкеммен өзімнің үстерімізге қарап тіпті қысылдым.

Түскі асқа келген болуы керек райком көкеміз де есіктен ішке кірді. Не дегенмен қаны қазақ қой. Әкеме ассаламағалейкум деп қолын ұсынды. Әкем де сәлемін алды. Мен де ұшып тұрып қол бердім. Райком көкем ірі денелі, шашын артына қайырған, қара костюм шалбар киіп, ақ көйлек киген, галстук таққан бет әлпеті сұстылау кісі екен. Мен өзімше райком деген осындай адам екен ғой деп көзімнің қиығымен қарап қоямын.

Әкем ештеңемен шаруасы жоқ. Өзінің көп жылдан бері қой бағатынын, қайда тұратынын аңқылдап айтып жатыр. Райком Байшуақов дегеннің Шөмекей екенін де біреулерден естігенін айтты. Балдарына сорпа болсын деп қой сойып әкелгенін де жасырмады.

Көкеміз жеңіл киініп келді де әкем екеуімізге сыртқа жүріңіздер деді.

Әкем екеуіміз аулаға шықтық. Әкем керзі етігін кимекші болып еді. Оны кимеңіз деп аяғына жеңіл аяқ киім берді.

Сыртта тұрған бір ересектеу кісіге бізді тапсырды да өзі үйіне кіріп кетті. Ол кісі бір бөлмеге кіргізіп жіберді де «шешініп жуынып алыңдар», - деп төбеден судың қалай ағатынын, оның жабу тәсілін де үйретті.

Бөлме ішінде сүлгі, сабын, денені ысатын бәрі бар екен. Су өте жылы. Әкем шешініп тастап маған арқасын ысқызып біраз

жуынып рахаттанды. Мен де сөйттім.

Жуынып болу бойына әлгі кісі әкеме де маған да ыштан, көйлек, костюм, шалбар, носкиге дейін әкеліп берді. Осыларды киіп алыңдар, содан кейін үйге кіріңдер-деді.

Жаңа киімдерді киген соң өзгеріп шыға келдік. Әкем киім әкеліп берген адамға бұрынғы киімдерімізді қайтарда өзіме бересің. Ауылға барған соң киеміз деді.

Үйге кірдік. Дастарқанда тамақтың, әсіресе бізге таңсық тәттілердің небір түрлерімен помидор, қиыр дегендер самсап тұр.

Әкем ештеңемен шаруасы жоқ, дастарқан үстіндегілерді қопарып жеп жатыр. Әңгімесінде айтуда.

Бастық көкеміз тыңдап отырған болуы керек онша ештеңе айтпады. Мен тұрмыстары өзгеше кісілерді бұрындары көрмегендіктен қысылып аздап-аздап қана дәмнен алып отырмын.

Астан соң әкем райком інісімен келініне ауылға қайтамыз дегенді айтты.

Келініне бағанағы өзіміздің киіп келген киімдерімізбен ет салған кенеп қабымызды әкеліп бер, - деді әкем.

Мен одан сайын ұялып қысылдым. Көкеміз сәл күлімсіреп «аға, ендігәрі қой сойып бұл үйге ет әкелме. Ол ұят болады» деді. Әкем «ой балдарға сорпа қылып берсін дегенім ғой», - деп ақталды. - Ата енді ештеңе әкелме деп көкемнің әйелі әкеме шемодан ұсынды. Менің қолыма он сом ақша ұстатты.

Әкем кенеп қабымен көне киіп келген киімін, менің киімдерімді де алуды ұмытпады.

Әкем өте көңілді. Ауылға қайттық. Кездескен таныстарына райком інісінің үйінде болғанын айтудан бір жалыққан емес. Ал мен болсам райкомның үйіне енді қайтып бармаспын деп жүрмін.

Үйге келген соң анам райкомның үйінен келген шемоданды ашып үнді шәйімен, конфет, печенье және көйлек жаулығын алып маз болып қалды, - деп досым әңгімесін аяқтады.

**Беганьш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті**

ҚАНТ ДИАБЕТІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?

Қант диабеті – бұл инсулин гормонының жеткіліксіздігімен, зат алмасудың бұзылуымен сипатталатын зат алмасу аурушандығы. Қант диабетіне әкеп соқтыратын факторлар: дененің артық салмағы (семіздік), әсіресе, абдоминальды семіздік (ер адамның белінің көлемі 102 см және одан да жоғары; әйел белінің көлемі 88 см және одан да жоғары болуы); артериалдық гипертензия (қан қысымы 140/90 мм.рт.ст. және одан жоғары); жақын туыстарда (ана, әке, аға, әпкеде) қант диабетінің бо-

луы; физикалық белсенділіктің төмендігі; қандағы «мықты» холестериннің төменгі деңгейі (ЛПВП 0,9 ммоль/л-ден кем) және триглицеридтің жоғары деңгейі (2,82 ммоль/л және одан жоғары); жүктілік кезіндегі қандағы қанттың жоғары деңгейде болуы, баланың 4 кг-дан артық туылуы.

Ал қант диабетінің симптомдары: үнемі шөлдеу, ауыздың құрғап кетуі; несептің жиі шығуы; қатты шаршау, әлсіздік; салмақ жоғалту, кейде тәбеттің көтерілуі; ер адамдағы эрекцияның төмендеуі; қабынушылық

үрдістер, терідегі тырнақ ізі, тез жазылмайтын жаралар, тыртықтар.

Егер сізде осы қауіпті факторлардың біреуі немесе бірнешеуі байқалса, глюкозаға қан тапсырғаныңыз дұрыс.

Диабетті уақытында анықтамау немесе емделмеудің соңы жақсы болмайды. Атап айтқанда, жүрек-тамыр жүйесі зақымданады (миокард инфаркті және ми инсульты); көру қабілеті төмендейді (соқырлыққа дейін апаруы мүмкін); бүйрек жеткіліксіздігі; жүйке жүйесінің зақымдануы;

гангрена, аяқты кесу.

Егер диабет алдындағы белгілер пайда болса немесе осы диагноз нақты қойылған жағдайда: қандағы глюкозаның деңгейін үнемі бақылап отыру (оның ішінде глюкометтің көмегімен өз бетіңізше); қант және майды тұтынуды шектеу; дәрігеріңіз ұсынған дәрілерді уақытылы ішіп жүру қажет.

**Раиса НҰРАЛЫ,
Қызылорда бөлімшелік
көліктегі санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының
жетекші маманы**

ДЕРМАТОМИКОЗ АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Дерматомикоздарға (трихофития, микроспория) – микроскопиялық саңырауқұлақтар тудыратын адам және жануарлардың жұқпалы тері аурулары жатады.

Ірі қатпарлардың эпидермофитиясы (шап эпидермофитиясы). Қоздырғышы-ер. inguinale, көбінесе шап терісінде, кейде қолтық астында, әйелдердің емшек безінің астында қызғылт түсті, бетінде аздаған қабыршақтары бар, өсіп, бір-бірімен қосылып кететін дақтар пайда болады. Шеттері өсіп, үлкейеді де сонымен бірге ортасынан жазылып кетеді. Жедел басталып, ауру бірнеше күннен бірнеше айға, жылға созылады. Қышыну сезімі болады. Моншада ортақ ваннаны, жөкені қолданғанда және киім, дерет ыдысы арқылы жұғады. Қатты терлеу, компресс, ұзақ байланып жатқан таңғыштар теріні ылғалдандырып аурудың жұғуына мүмкіндік тұғызады.

Дерматомикоздың 3 түрі бар:

1. Жасырын эпидермофития -3-4-ші башпайлар арасында, табанның күмбезінде, башпайлар қырында орналасады. Терінің башпайлар арасындағы бүкпелерінің түбі және башпайлардың екі жағы аздап қабыршақтанып, түлеп тұрады.. Кейде бүкпенің қыртыстарында кішірек жырық көрінеді. Жасырын эпидермофития білінбей, көп айға, жылға созылады.

2. Қабыршақты түрі. Табан терісінде шектелген зақым түзіледі. Терінің беті ақшыл-қызғылт түсті, шет-шетінде аршылған мүйізденген қабаттың қалдықтары көрінеді. Аздап қышиды, баяу, ұзақ дамиды.

3. Башпайаралық эпидермофития саусақ арасындағы тері бүкпесінде, әсіресе үшінші және төртінші башпайлардың

арасында жасырын түрінің асқынуы басталады. Тері қызарып, дымқыл тартып, эрозия пайда болады. Жан-жағында аршылған мүйізденген қабаттың қалдықтары байқалады. Біртіндеп үдемелеп қабынудан башпайдың астына және өкшеге қарай тарайды. Жүргенде қатты ауырады.

Эпидермофитияның жұғу жолдары. Табанның эпидермофитиясын моншада, душта жұқтыруы мүмкін, ағаш төсеніштерде, отырғыштарда, дұрыс жуылмаған легенге науқастан түскен қабыршақтар кейін сау адамның табанының терісін зақымдайды. Емханада, спорт орталықтарында иесі белгісіз аяқ-киім арқылы және кір жуатын үйде, жақсы үтіктелмеген шұлғау, нашар жуылған немесе құрғақ затта саңырауқұлақтар өлмей қалады да жұғуы мүмкін. Бір төсекте ұйықтағанда да жұғуы ықтимал.

Трихофития. Трихофития тек адамдарда болатын антропофильдік саңырауқұлақтардың немесе адамда да, малда да (мысық, ит тағы басқа) паразиттік өмір сүретін- зоофильдік саңырауқұлақтардың әсерінен дамиды жұқпалы ауру. Қоздырғыштары антропофильдік трихофитондар болса- trichophyton endotrix, онда саңырауқұлақтар негізінен шаштың ішінде орналасады. Ошақтары үстірт орналасып, жеделдеу немесе созылмалы дамиды түрін үстірт трихофития деп атайды. Зоофильдік трихофитондар қоздырғышы - trichophyton ectotrix негізінен шаштың айналасында және шаштың ішкі қынабының эпителиінде орналасады, олардың әсерінен терең трихофития деп аталатын шаш қапшығының айналасында қабынулық сіңбе пайда болып, кейіннен шаш қапшығы

мен жан-жағындағы дәнекер ткань іріп-өзіліп кетеді. Бұл процесс(терең) сіңбелі-іріңді трихофития деп аталады.

Бастың шашты бөлігінің үстірт трихофитиясы. Бастың шашты бөлігінде бір немесе бірнеше дөңгелек зақым ошағы пайда болады. Зақымданған ошақтың терісі ақшыл-қызыл түсті және ақшыл-сұр кебекті қабықшамен жабылады. Ауруға ерекше тән белгі-саңырауқұлақтардың әсерінен шаштың сынып, сиреуі. Терінің үстінен 2-3 мм биіктікте, қабыршақтардың арасында сынған шаш ақшыл-сұр ұсақ тікенек сияқты байқалады. Егер шаш қапшығынан шыға бере сынса, қара нүкте тәрізді болып көрінеді. Біртіндеп, ақырын, шеттеріне қарай өсіп зақымданған ошақтар үлкейіп, бір-бірімен қосылып кетуі мүмкін. Емделмесе ауру біраз жылға созылады. Бұл клиникалық түрі көбінесе мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларда кездеседі.

Микроспория. Microsporum тобына жататын жіпше саңырауқұлақтар қоздыратын ауру. Ауру адамнан немесе жануарлардан (көбінесе мысықтардан, иттерден) жұғады. Микроспория, трихофития сияқты жазық теріні, бастың шашты бөлігін, кейде тырнақты зақымдайды. Микроспориямен көбінесе мектепке баратын балалар ауырады.

Бастың шашты бөлігінің микроспориясы. Мамық микроспорум тудырған микроспорияда дөңгелек анық шектеулі бір немесе бірнеше ірі ошақтар пайда болады. Зақымданған ошақтардың терісі қызғылт түске боялады және тығыз ұсақ ұн тәрізді қабыршақтармен жабылады. Зақымданған ошақтарда тері бетінен 4-6 мм биіктікте шаштың барлығы сынғандықтан

қысқа қырқылған сияқты болып көрінеді. Әр шашта саңырауқұлақ спораларынан тұратын қап болғандықтан, сынған шаштар ақ түсті болады және пинцетпен жеңіл жұлып алынады.

Микроспорияның диагнозын қою қиынға түспейді. Көзге түспейтін ультракүлгін сәулесін саңырауқұлақтың Microsporum түрімен зақымданған шашқа түсіргенде шаш жасылдау жарық береді, осы люминесцент тәсілін диагностикада қолданудың маңызы зор. Ол үшін сынапты-кварц шамының сәулесі Вуд сүзгісінен өткізіледі (никель тұзымен өңделген әйнек.) Зерттеу қараңғы бөлмеде өткізіледі.

Дерматомикоз ауруымен ауырмау үшін не істеу керек немесе алдын алу шаралары:

- Жеке бас гигиена ережелерін сақтау (моншада жуынатын легендерді дезинфекциялау, отбасының әрбір мүшесінде жеке бас гигиенасына арналған заттардың болуы);

- Бассейндерде, моншаларда резинке аяқ киімдерді пайдалану;

- Қоғамдық орындарда болғаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

- Қаңғыбас иттермен қарым – қатынаста болмау;

- Үй жануарларын ветеринарлық дәрігерге уақытылы көрсетіп, қажетті екпелер алу;

- Егер өзіңізде жоғарыда аталған белгілерді байқасаңыз, дер кезінде тұрғылықты дерматолог дәрігерге қаралыңыз;

- Егер маңайыңызда тері ауруымен ауырған адам болса, жеке бас гигиенасын сақтауды ұмытпаңыз!

Муаззам РАХМЕТОВА,
Қазалы санитариялық
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы

«Майдакөл» ауылдық округі әкімінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны	Мекен -жайы	Байланыс телефоны
Курманбаев Конисбек Ктабияевич	Майдакөл ауылдық округінің әкімі	Күнделікті Сағат 09-00- ден 13-00 ге, 15-00-ден - 19-00-ге дейін	«Майдакөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қазалы ауданы, Бекарыстан би аулы, Е.Тілеубаев көшесі, №18А үй	28-2-40

"Майдакөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 28-2-40 "Сенім телефоны" жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.